

Ш. Керім* , Д. Бердимурат 

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: kerim-1962@mail.ru

ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ САНАСЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ТИГІЗЕТІН ЫҚПАЛЫ

Әлеуметтік желі үнемі жетілуімен, әр саладағы қолданысының артуымен күннен-күнге тамыр жайып барады. Цифрлық ақпарат құралдарының үстемдігі кең өркен жайып, әртараптануы діннің де түбегейлі трансформациялануына әкелуде. Қазіргі жастар интернетпен өскен және әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланатын ұрпақ ретінде ерекшеленеді, олар әлеуметтік желіні діни мақсатта да пайдаланады. Мақалада жастардың әлеуметтік жеріні қолдануы мен мұсылмандық сенімі арасындағы байланысты айқындау көзделді. Зерттеу сапалық әдіс және бақылау әдісін қолдану арқылы жүзеге асты. Алматыдағы университеттердің әртүрлі мамандықтарында оқитын 15 студентінен сұхбат алынды. Респонденттердің жастары – 17-30 аралығында, 7 ер, 8 қыз. Олар түгелдей әлеуметтік желіні қолданады және көбірек уақытын жұмсайды. Бүгінгі таңда қалаған ақпаратты іздеуде әлеуметтік желі маңызға иеленуде. Сандық ақпарат құралдарының ыңғайлылығы ислами бағыт бойынша да онлайн түрде танытылу жолдарын оңайлатуда. Әлеуметтік желі ислами оқу, білім алудың баламалы, қосымша тәсілдері мен алуан платформаларына жол ашуда. Түрлі қосымшалар діни тәжірибе мен жораларды атқаруға септеседі. Студенттердің жауаптары әлеуметтік желінің дін мен оның құндылықтарды үйрену алаңдарының бірі екендігін, діни көзқарастарына, тақуалығына ықпалын тигізетіндігін қуаттайды.

Түйін сөздер: жастар, әлеуметтік желі, ислам, діндарлық, цифрландыру, діни сенім.

Sh. Kerim*, D. Byerdimurat

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: kerim-1962@mail.ru

The Influence of Social Networks on the Religious Awareness of the Youth

With the incessant advancement of social networks, their application across various sectors is progressively expanding on a daily basis. The dominance of digital media, in conjunction with its omnipresence and variety, facilitates a significant metamorphosis of religious practices. Contemporary youth is characterized as the cohort that has matured during the Internet epoch and actively engages with social networks, particularly for religious objectives. The aim of this article is to ascertain the correlation between the engagement of young individuals in social networks and their adherence to the Muslim faith. The research was conducted utilizing qualitative methodologies, encompassing observations. A total of fifteen students enrolled in diverse academic disciplines at universities in Moscow and Almaty were interviewed. The age range of the participants varied from 17 to 30 years, comprising 7 males and 8 females. All respondents utilize social networks and allocate considerable time to these platforms. Presently, social networks are increasingly acknowledged as a pivotal means of acquiring essential information. The convenience afforded by digital media further facilitates access to Islamic education online. Social networks provide alternative supplementary methods and various platforms for Islamic learning and education. Numerous applications advocate for religious rites and rituals. The feedback from students corroborates that social media serves as a conduit for acquiring knowledge about religion and its tenets, thereby influencing their religious perspectives and devotion.

Keywords: youth, social media, islam, religiosity, digitalization, religious belief.

Ш. Керим*, Д. Бердимурат

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

*e-mail: kerim-1962@mail.ru

Влияние социальных сетей на религиозное сознание молодежи

Благодаря постоянному развитию социальных сетей их применение в различных доменах с каждым днем постепенно растет. Преобладание цифровых медиа в сочетании с их вездесущим и разнообразием побуждает к глубокой трансформации религиозных обрядов. Современную молодежь отличает поколение, созревшее в эпоху Интернета и активно использующее социальные сети, особенно в религиозных целях. Целью данной статьи заключается в определении взаимосвязи между вовлеченностью молодых людей в социальные сети и их приверженности к мусульманской вере. Исследование проводилось при помощи качественных методов, включая наблюдения. Было опрошено 15 студентов, обучающихся по различным специальностям в университетах Алматы. Возраст участников варьировался от 17 до 30 лет, из них 7 мужчин и 8 женщин. Все респонденты используют социальные сети и посвящают этим платформам значительное время. В настоящее время социальные сети все чаще признаются важным средством получения необходимой информации. Удобство цифровых медиа также упрощает доступ к исламскому образованию в Интернете. Социальные сети предлагают альтернативные дополнительные методы и различные платформы для исламского обучения и образования. Многочисленные приложения способствуют развитию религиозных обрядов и ритуалов. Отзывы студентов подтверждают, что социальные сети служат одной из платформ для изучения религии и ее принципов, а также влияют на их религиозные взгляды и преданность.

Ключевые слова: молодежь, социальные сети, ислам, религиозность, цифровизация, религиозные убеждения.

Кіріспе

Цифрландыру адамзат өмірі мен қызметінің барлық салаларына тереңдеп енуде. Ғаламтордың күнделікті өмірдің біте қайнасқан құрамдас бөлігіне айналғаны шындық. Әлеуметтік желі тегеуріні үнемі жетілуімен, әр саладағы қолданысының артуымен күннен-күнге тамыр жайып барады. Дәстүрлі медиа құралдарына қарағанда артықшылыққа ие цифрлық медиа әлеуметтік және мәдени өзгерістер мен технологиялық дүмпу тоғысуынан трансформацияға ұшыратуда. Қоғамның өмірдің барша салаларын қамтыған серпінді жаңарулардың дін құбылысын да сырт айналып өтпейтіндігі айғақталуда. Цифрлық ақпарат құралдары әртараптанып, үстемдігі кең өркен жайған заманда мұсылмандық сенім де басқаша өріс тауып, түбегейлі трансформацияны бастан кешіруде. Зерттеулер адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және діни өміріне дендеп енген ғаламтор дәстүрден гөрі әмбебап мәдениетті күшейтетінін расталуда. Тағы да үдеріс – институтциональды дінге қызығушылық күрт әлсірейді. Батыс елдерінде соңғы жылдары институттық діннен алыстау етек алуда. Алайда діни институттардың қоғамдағы маңызы ақсағанымен, тұтастай белсенділігі де жойылмайтындығы айтылуда. Діни ұйымдар институционалдық жүйесімен толық өзара әрекеттесе

алатындай етіп, діндарлықты басқару үшін Интернетке жүгінеді. Бұл діндарлықтың жаңа түрін күшейтеді және дәстүрлі шіркеуге негізделген діндарлық құлдырауда (Носаоğlu, 2023: 20-23). «Кибердіндарлық» құбылыстың пайда болуы қазіргі заманда діни сезімдер мен діни сенімнің мүлде құрдымға кетпейтінін дәйектейді. Олар тек бұрынғыдан басқа шарттарға сәйкес қайта пішімделеді. Біз дін дамуының мүлде өзгеше кезеңінің, тың серпілістің басында тұрмыз деп бағамдауға болады. М.Эпштейн кибердіндарлықты даму деп есептеді (автордың өзі техно-пұтқа табынушылық, техноидолатрия, технотеизм және т.б. терминдерін пайдаланған). Құдайдың бар екендігінің ғылыми-техникалық дәлелдемелерін әзірлеу аясында теологияға жаңа мүмкіндіктер ашады (Epshtein, 2013: 307; Федорова, 2020: 66-79).

Технологияның дамуы пенденің діннен сүйеніш пен рухани мағына табуға деген қажеттілігін үзілді-кесілді тоқтата алмайтындығын айғақтайды. Үлкен алуан түрлі-түстілік көптеген адамдар сенетіндей дінді жоюдың жаңа және заманауи түрі емес, керісінше соны үлгі-пішінге қарай ауысқандығы деп тұжырымдалады. Адамдар виртуальды платформалар көмегімен өзара әрекеттесуге, сүйіспеншілікке және қарым-қатынасқа деген сұраныстарын қанағаттандыруға ұмтылады.

Өйткені дін мен технология, ғаламтор арасындағы тығыз астасқан байланыс, өзара ықпалдастық – күрделі арна, әрі күн санап үздіксіз толығу мен құбылу үстінде. Осылайша технологиялық жаңалықтар томаға тұйықты жойып, баламалы ислами қауымдастықтарды қалыптастыруға септесуде, ислам діні туралы мәлімет алып жетігетін, оқытып-үйретудің тиімді тәсілдерін және уағыз-насихаттың тың да тартымды платформаларын ұсыну да.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Цифрлық трансформация жағдайындағы заманауи діни үдерістерді жан-жақты зерттеу нысанасы ету зәрулік. Дәл қазіргі кезде коммуникацияның уытты ресурсына айналып үлгерген әлеуметтік желілер идеология мен ой-сана қалыптастыруда да қауқарлы фактор ретінде мойындала бастады. Әлеуметтік желінің ұзақ пайдаланушыларының дүниетанымдық көзқарасына әсерін тигізбей қоймайтындығы даусыз. Соңғы кезде әлеуметтік желінің діндарлыққа елеулі ықпал ететіні тілге тиек етіле бастағанымен жіті тексеріліп толықтай танылып үлгермеді. Жас ерекшелігіне қарай кейінгі буынды бөліп алып арнайылап нысана етіп қарастыруымыздың себебі де бар, өйткені олар әлеуметтік желіні жиі қолданатындар санатына жатады.

Әлеуметтік медиа дұрыс пайдаланылса, табысқа жетудің таптырмас құралы бола алады. Десекте тәуекелдері мен түйткілдері де баршылық. Ғаламтор мен әлеуметтік желіні жат діни ағымдар топтардың өз мүддесіне сай ұтымды қолдана алатындығы, экстремистік және террористік, радикалды көзқарастарды таратудың ұтқыр әдісі бола алатындығы да – алаңдатарлық мәселе (Bunt Gary, 2024; Collected materials of the international scientific and practical conference «Terrorism and the Internet», 2014). Сол себепті бұндай ауқымды алаңды бақылаусыз, бос қалдырудың өзі де қатерлі. Әлеуметтік желілерге шамадан тыс ұзақ уақытын жұмсау сынды теріс дағдылар кіріптарлыққа, тәуелділікке ұрындыруы кәдік. Әлеуметтік желілердің сенім, ғибадат, ахлақ, құндылықтар, материализм, атеизм, деизм және синкретизм сияқты діни және рухани құндылықтармен байланысын тәптіштеу маңызды. Қызмет аясы салаланып, кеңейген әлеуметтік желі адамдар арасындағы байланыста мүлде тосын қалыптарын орнықтыруда. Осының барлығы түптеп келгенде әлеуметтік

медиа құралдары мен пайдаланушылар бұрынғыдан өзгеше қарым-қатынастарын, әлеуметтік желілердің діни сенімдер мен мінез-құлыққа ықпалын мұқият сараптаудың қажеттілігін айғақтайды.

Бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелерінің бірі – еліміздегі жастардың діни құндылық бағыт-бағдарларын зерделеу. Цифрландыру сынды төңкеріске тән жаңарулар алдыңғы кезекте кейінгі буын бойындағы құндықтарды сіңіріп, қалыптастыруда мәнге иеленуде. Өйткені жас ұрпақ әлеуметтік желіні ең белсенді қолданушылардың қатарына кіреді. Сондықтан әлеуметтік жеріні қолдану мен мұсылмандық сенімі арасында байланыс болуы мүмкін. Біздің мақаламыздың негізгі мақсаты да – осы байланысты зерделеу.

Зерттеудің міндеті – әлеуметтік желіні пайдалану жастардың наным-сеніміне, мінажаттарына қаншалықты әсері бар деген сұраққа жауап іздеу. Жастардың тұлғалық ислами түсінігінің қалыптасуы отбасы мен қоршаған ортасында басталатын мәлім. Десек те соңғы кезде діни әлеуметтенуінде ғаламтордың үлесі басымдалуда. Осы орайда әлеуметтік желіні қолданудың жастардың діни әлеуметтенуіне қаншалықты септігін тигізетінін айқындауда әлемнің басқа да елдерінде болып жатқан жаһандық үдерістерге қатысты зерттеу нәтижелерімен салыстырыла қарастыру арқылы ортақ және өзгешеліктерін, заңдылықтарын аша түсу қажеттілік. Дәстүрлі дінді түсінудегі кейбір өзгерістерге апарып соқтыратындықтан ғаламтордағы дін көріністері жаңа өлшемдер тұрғысынан бағамдалып, басқаша пайымдалуы ләзім.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу сапалық әдіс және бақылау әдісін қолдану арқылы бірінші деңгейлі деректі жинау жүзеге асты. Өзіміздің студенттер арасында тікелей жеке бақылауларымызға сүйендік. Бақылау – адамның сезім мүшелерін пайдалана отырып, нақты әлемдегі әлеуметтік құбылыстарды бақылап, олардың не екенін жазып алу. Бақылау – әлеуметтік ғылымдардағы материалды жинақтау үшін қолданылатын ең негізгі әдіс. Мақаланың теориялық негізі мәліметтерді талдау әдісімен, ал қолданбалы бөлігі сұхбат және мазмұнды талдау тәсілімен аяқталды. Өзіміз жеке бақылаулар жасадық. Жастардың ой-пікірлерін білу мақсатында тікелей сұрау арқылы алынған деректер құнды болып есептеледі. Сұрақтардың

бұл түрлері қысқа эссе жауаптарын талап етеді және осы жауаптарды жазуға уақыт бөлгісі келетін қатысушылар діни нанымдар, саяси көзқарастар және мораль туралы жеке ақпаратты жеткізеді. Ішкі ойларды көрсететін кейбір тақырыптарды тікелей байқау мүмкін емес және қоғамдық форумда шынайы талқылау қиын. Адамдар сұрақтарға жасырын түрде жауап бере алатын болса, шынайы жауаптармен бөліседі. Ақпараттың бұл түрі – сапалы деректер болып табылады субъективті және көбінесе табиғи ортада көрінетін нәрселерге негізделген нәтижелер. Сапалы ақпаратты жүйелеу және кестелеу қиынырақ. Сайып келгенде, зерттеуші жауаптардың кең ауқымын алады, олардың кейбіреулері күтпеген болуы мүмкін. Дегенмен, жазбаша пікірлердің артықшылығы – олар беретін материалдың байлығы. Мақалада екінші деңгейлі ақпарат тақырыпқа қатысты шет тілдердегі әдебиеттер пайдаланылды.

Гипотеза

- Әлеуметтік желілер студенттердің діни көзқарастарына әсер етеді.
- Әлеуметтік желілер студенттердің дінді қабылдауына ықпалын тигізеді.
- Әлеуметтік желілер – студенттердің дін мен құндылықтарды үйрену алаңдарының бірі.
- Әлеуметтік желілер – студенттердің тақуалығына кері әсерін тигізеді.

Зерттеу дизайны осы гипотезаларды тексеруге бағытталды.

Зерттеудің көлемі мен шегі

Мәліметтер 15 қатысушымен өткен сұхбаттар негізінде жиналды.

Қатысушылардың жастары: 17-30 аралығында, 7 ер, 8 қыз, яғни 53,4%-ы қыздардан, 46,6%-ы ерлерден тұрады. Нысана ретінде Алматы қаласындағы университеттерде әртүрлі мамандықтарында білім алатын бакалавр және магистратура дін ұстанатын студенттері таңдалды. Тек өзіміз дайындаған жартылай құрылымдалған сұхбат сұрақтарымен шектелдік. Бұл зерттеудегі студенттердің сұхбат сұрақтарына және сауалнамаға берген жауаптары шынайы болып табылады. Студенттердің жауаптары өзгертілмей, дәл сол калпында жазылған.

Зерттеуге қатысушылардың әлеуметтік профилі

Бұл әлеуметтік зерттеудің жеке адамдардың өткенін, қоғамның мәдени құрылымын және тарихи үдерістерді түсінбей, толыққанды шеңбер ұсына алмайтынын білдіреді. Әлеуметтік құбы-

лыстар, жеке әрекеттер мен қоғамдық динамикалар өткен оқиғалармен және мәдени контекспен үнемі өзара байланыста болады. Сондықтан жеке адамдарды да, қоғамды да түсіну үшін осы элементтерді біртұтас түрде қарастыру қажет.

Нәтижелер және талқылама

Төменде өзіміз дайындаған жартылай құрылымдалған сұхбат сұрақтарына және сауалнамаға студенттердің берген жауаптарының нәтижелері:

1. Отбасында діни тәрбие алу: «иә» – 5, «жоқ» – 10.

2. Намаз оқу: бес уақыт – 12, жұма намазы – 0, айт намазы – 0, таң намазы – 1, «намаз оқымаймын» – 2.

3. Дінге келуіңізге не себеп болды? Ата-ана – 6, достарым – 3, әлеуметтік желі – 1, мешіт – 0, ұстаз – 1, тағы да басқа – 3.

4. Әлеуметтік желіні қолдану мақсаты: жаңалықтарды біліп отыру үшін – 8, фотосуреттерімді жариялау үшін – 1, дінді насихаттау үшін – 0, діни уағыз тыңдау үшін – 6, достарым мен туыстарыммен хабарласу үшін – 7, әлеуметтік желі қолданбаймын – 0, тағы да басқа – 4.

5. Әлеуметтік желіде күнде қанша сағат жұмсайсыз? 1-3 сағат – 4, 4-6 сағат – 6, 6-10 сағат – 5, күн бойы – 0, қолданбайтындар – 0;

6. Әлеуметтік желінің қайсысынан діни мағлұмат аласыз?: ватсап – 2, телеграм – 7, инстаграм – 4, тик-ток – 1, фейсбук – 0, ютуб – 7, тағы басқа – 0;

7. Діни тақырыптарға қатысты сұрақ туындаған кезде қандай қайнаркөзге жүгінесіз? Ғаламтордағы діни сайттар – 11, әлеуметтік желідегі парақшаларға – 3, мешіттегі дін маманына – 2, діни кітаптар мен өзге басылымдарға – 2, еш жерден іздемеймін – 1.

8. Әлеуметтік желіні қолдану тақуалығыңызға кері әсерін тигізу:

Әлеуметтік желіні діни білімімді арттыру үшін қолданамын – 2, әлеуметтік желінің тақуалыққа кері әсер ететіні сезіледі – 9, әлеуметтік желі мен дінді байланыстырмаймын – 4, тағы басқа – 4.

9. Әлеуметтік желі қолдану діни біліміңізді арттырады деп ойлайсыз ба? Иә – 9, жоқ – 4, орташа – 2.

10. Әлеуметтік желіден алған діни ақпараттар сіздің дін туралы түсінігіңізді өзгерте ме? Иә, жақсы жаққа өзгертеді – 10, еш әсер етпейді, өз түсінігім бар – 3, басқа – 2.

11. Өміріңіз бойынша әлеуметтік желіде көрген уағыз, подкаст, дін туралы видеолардан әсерленген кезіңіз болды ма? Иә, болды, сол күннен бастап өзгере бастадым – 9, Жоқ, ондай оқиға басымнан өткен жоқ – 0, жоқ, ондай жағдай көп болып тұрады – 3, басқа – 3.

12. Әлеуметтік желідегі жеке парақшаңызда дінге байланысты ойыңызды немесе басқа ақпараттармен бөлісіп тұрасыз ба? Мысалы уағыз, подкаст, видео, фото, аят, хадис немесе қанатты сөздер* (бірнешеуін бөлісуі мүмкін: иә – 5, жоқ – 8, жұма күндері – 1, қасиетті күндерде – 0, ұнап қалса – 0, тағы басқа – 1, жақындарға – 2).

13. Төмендегі тұлғалардың қайсысының уағыз бен насихатын тыңдайсыз? (Бірнеше нұсқа таңдауға болады)* Неге белгілі бір адамды тыңдайсыз? Басқасын емес: Нұрсұлтан Рысмағамбет – 10, Нұрлан имам – 4, Ерлан Ақатаев – 4, Қабылбек Әліпбайұлы – 2, Арман Қуанышбаев – 1, Еркін Әміре – 1, уағыз тыңдамаймын – 2.

Біздің бақылауларымыз бен жүргізген сауалдарымыз бүгінгі жастардың өмірінде діннің елеулі мәні бар екендігін айқындайды. Жоғарыдағы сауалнама нәтижелеріне қарасақ: респонденттер түгелдей әлеуметтік желілерді қолданады және ғаламторға көп уақытын жұмсайды. Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технология ғасырында ақпаратты іздеуде интернетке ие арту маңызға иеленуде.

Цифрлық заманда дүниеге келген, жастайынан қолында планшет пен телефонмен өскен, сандық құралдардың жәрдемімен бәрін шешуге тырысатын жаңа ұрпақ аға толқын арасын алшақтата түсті. Кейінгі буынға тән осындай өзгешеліктерге тоқталған жазушы, технолог Марк Пренский американдық *Digital Natives* (цифрлық аборигендер)/жергілікті тұрғындар/, *Digital Immigrants* (цифрлық иммигранттар) терминдерін енгізген (Prensky, 2001) «*Digital Natives*» (цифрлық аборигендер)/жергілікті тұрғындар/ деп технологиялық құралдарды жақсы білетін және уақытының көбін осы құралдармен өткізетін жас ұрпақ қазіргі жасөспірімдерді атаса, «*Digital Immigrants*» (цифрлық иммигранттар) ұғымы технологиялық даму мен цифрландыруға ілесу қиынға соғатын және виртуалды әлемнен алыс болуды қалайтын немесе оған бейімделе алмайтын орта және аға буынды білдіреді. Ғалымдардың айтуынша, қазіргі жас буын Y миллениалдар (мыңжылдықтар) (1981-2000 ж.т.) және Z ұрпағы (2001 жылдан қазірге дейінгі туғандар) коммуникациялық технологияларды көбірек пайдалануымен ерекшеленеді, осы

екі ұрпақ арасындағы айырмашылық аз. Текниканың дамуы Y миллениалдар буынының өмір салтын өзгертті. Миллениалдар ұялы телефонды теледидардан тәуір көреді, олардың өмірінде интернеттің өте маңызды рөл атқарады. Олар не болып жатқаны туралы хабардар болу үшін Google іздеулерін немесе осы ұрпақ бақылайтын форумдарда сөйлесуді пайдаланып, ұялы телефон көмегімен ақпарат алуды таңдайды. Миллениалдардың дені мәтіндік хабарламалар арқылы немесе киберкеңістікте сөйлеседі. Әлеуметтік желілердегі аккаунттар да өзін-өзі тану және өзін көрсету орны болуы мүмкін, өйткені ол жерде жазылғандар бәрі оқиды. Осылайша, мыңжылдық толқынның бәрі дерлік қарым-қатынас пен өзін-өзі көрсету орны ретінде әлеуметтік медиа аккаунттары болуы ықтимал. Миллениалдар дәстүрлі оқуға ұнатпайды, оларды жазу жалықтырады, суреттерге қарауды жөн көреді. Бұл буын әлемді тікелей емес, басқа жолмен, киберкеңістік арқылы саяхаттайды, сондықтан олар бәрін білетін болады, байланыс, сауда, ақпарат алу және басқа іс-қимылдарында осы байқалады (Erwin Jusuf, 2019: 105-106). Интернет өмірімізге енгенге дейін адамдар өздерінің наным-сенімдері туралы ақпаратты отбасынан, оқу орындарынан, кітаптардан және кейбір діни рәсімдерден іздейтін. Цифрландыру діни ақпаратқа қол жеткізудің дәстүрлі дәстүрлі амал-тәсілдері мен тәжірибесі жаңаруда. Құран, хадис т.б мәтіндерді виртуалды тәсілде оқып, тыңдау табу қиындық келтірмейді. Интернет пен әлеуметтік желі арқылы діни тақырыпта жазылған кітаптар мен түсіндірмелерге қанығу, діни тақырыпта жарияланған пәтуалармен танысуға болады. Ғибадат ету қағидаттары мен шарттары туралы том-том кітаптарды парақтап отырудың орнына, Интернет пен әлеуметтік медиа құралдарға сүйеніп қалаған бай мәліметтердің ішінен керектісін сүзіп алуға икемді. Цифрлық дәуірде діни бағытта да қосымша баламалар, алуан форматтары іске қосылып, мүмкіндіктер артуда. Адамдардың сандық ортаны діни ақпаратты табу үшін тіпті мәліметтің дұрыстығына көз жеткізіп меңгеру үшін пайдалануы еселенуде.

Әлеуметтік медианы пайдаланудың мақсатын білуге бағытталған сауалдар студенттердің діни мазмұнды және парақтарды бақылап, діни уағыз тыңдау құралы етіп пайдаланатынын айғақтайды. Әлеуметтік желілер – студенттердің ислам дінін меңгеруінде орны бар. «Әлеуметтік желі қолдану діни біліміңізді арттырады деп ойлайсыз ба?» деген сауалға қатысушылардың

басым бөлігі «иә» деп жауап берген, олардың уағыздар тыңдау арқылы, видеолар көру арқылы, сабақтар көру т.б. діни білім арттыратындығын айтқан. Діни тақырыптарға қатысты сұрақ туындаған кезде қандай қай ғаламторды, әсіресе, діни сайттар мен әлеуметтік желідегі парақшаларға жүгінеді. Барлық қатысушылар әлеуметтік желідегі кейбір ислами платформаларды мен контенттерді қадағалайтындарын айтты. Сұхбаттасуға қатысқан студенттердің жауаптарына назар аударсақ, олардың басым бөлігі діни ақпараттарды интернеттен алатыны дәлелденеді. Қазіргі заманда ақпаратқа жылдам әрі оңай қол жеткізудің құралына айналған интернет діни ақпаратқа қол жеткізуді де жеделдете түсті. Отбасы – адамдардың діни білім алуға мүмкіндік беретін негізгі институт. Дінді ұстануға ең басты түрткі – ата-анасы, сонан соң достары, әлеуметтік желінің деген – 1 ғана студент. Жастардың діни түсінігіне олардың отбасындағы тәрбиесі себеп болады. Діни әлеуметтенуіне әлеуметтік желінің да орын алады, бұл үлес алда басымдала түспек. «Әлеуметтік желіден алған діни ақпараттар сіздің дін туралы түсінігіңізді өзгерте ме?» деген сұраққа 15 респонденттің 10-ы «Иә, жақсы жаққа өзгертеді» деу жастардың діни көзқарасын өзгертуге әлеуметтік желі дәрменді дегенді тұжырымды бекімдейді. Әлеуметтік желілер студенттердің діни көзқарастарына, тақуалығына әсер етеді деген гипотезамызды респонденттердің жауаптары қуаттайды.

Жастардың арасындағы 15 жауап беруші арасында 10-ні сауалдар танымал уағызшылар арасында Нұрсұлтан Рысмағамбеттің тыңдайтындығын көрсетті. Уағызшының жастар арасында өте танымалдығына тоқталып, оның себептерін көрсетуге ұмтылған едік (Керім, Нүсіпбаев, 2024: 2-12). Оның инстаграм парақшасы да қазір тыңдаушыларының үнемі өсу үстінде екінін айғақтайды, қазір жазылушыларының саны 904 мыңнан асқан. Қатысушылар діни ақпаратқа дұрыс талдау жасау керектігін сенімді көздерден алынуы керек және олар интернетте қол жеткізген діни ақпараттың дұрыстығын растады. Бұл интернеттің адамдарға сенімділік жағынан кері әсерін тигізетінін көрсетеді. Дінді қабылдауыма сандық арналар арқылы алатын ақпарат емес, кім тыңдайтыны әсер етеді.

Бүгінгі таңда цифрландырудың өсуімен діни ҚМДБ өз қызмет аясын виртуалды желіге ауыстырды. Осыған байланысты интернетте белсенді жұмыс істейті әлеуметтік желілер мен жеке адамдар арасындағы байланысты нығайтуға ық-

пал етеді. YouTube сияқты платформалар білім берудің ұтымды әдістерін, бірнеше тілде ислам туралы лекциялар мен талқылаулар ұсынады.

Бұл бұқаралық ақпарат құралдарына жүгіну мен діни сенімдер мен мінез-құлық арасында сабақтастық болуы мүмкін екенін көрсетеді. Түркияда университет студенттері арасында жүргізілген сауалдар нәтижесі әлеуметтік желілерді пайдалану дін мен құндылықтарын түсінуге зиянын тигізеді деген түйінге әкелген (Bodur – Korkmaz, 2017: 348; Berrin Saritunc, 2021: 303). Әлеуметтік желіні қолдану жиіленген сайын адам өміріндегі дінге сенім осалданып, тақуалықтың босаңсуы айтылады. Демек әлеуметтік желіге тәуелдене түскен сайын адамның Алланы еске алуы сирейді, ғибадаттарға селқос қарайды. Жаһанда секуляризациялық, зайырлылыққа қарай бұрылу үдерісі жылдамдауда, діннің кері кетуі байқалады. Діндарлықтың дәрменсізденуіне түрткі факторлар қатарында компьютердің таралуы, интернетті кеңінен қолдану, роботтар мен жасанды интеллекті айтылады (Wilkins-Lafamme, Sarah: 2021; C.Jackson, Yam, 2023).

Зерттеуге сәйкес, әлеуметтік желіні пайдалану мен діни ұстанымдары мен мінез-құлық арасында кері корреляциялық байланыс бар, әлеуметтік желіні қолдану өскен сайын діни көзқарасы мен мінез-құлық тігісі сөгіледі. Десек те айтылмыш үдерістер жер жаһанның бүтін аймақтарда бірдей емес, нақты әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты түрлі жылдамдықпен ала-құла сипатта көрініс табуда (Brauer, 2018: 654-675). Ал Қазақстанда бәсеңсімей, керісінше түлеп бекімденуде. Тәуелсіздік тұсында Қазақстанда исламдану қарқын алып, діндарлар саны үнемі молаю үстінде. Қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Дін феноменінің қоғамдық қатынастардағы, социумдегі мәні сол қатарда жастар арасында бел алып, айшықтала түсуде.

Діндарлықты айқындап, берілген анықтама зерттеушілердің ұстанымдар да біркелкі емес. Күрделі құбылыс дінге берілген біртұтас және жан-жақты анықтаманың болмауы діндарлықтың ортақ және жан-жақты анықтамасының болмауына жол ашады. Әрбір дін діндарлықты өз сенімі мен ғибадат тұрғысынан түсіндіруге тырысады. Діндарлық әдетте діни сенімдері мен қағидаттарды ұстану ретінде көрсетілгенімен, әртүрлі қоғамдарда әртүрлі қабылданады. Бір қоғамда діни парыздарын толық орындайтын адамдар діншіл болып саналса, басқа бір қо-

ғамда имандылық тұрғысынан ахлақтық ұстанымдарды сақтау маңыздырақ деп саналуы мүмкін. Әркімнің қандай да бір ұстанымды, сенімді, бір нәрсені қабылдау тәсілі, қабылдау дәрежесі және қабылдаған нәрсесін ойлау тереңдігі бір деңгейде емес. Осы жағынан діндарлықты адамдардың діни сенімдер мен діни көзқарасты қабылдау дәрежесі ретінде де көрсетуге болады.

Рефлексивті заманауи қоғамдардағы діндарлық бұрынғы діндарлықтан ерекшеленеді. Оның негізгі қасиеті – медиалдылық (Neville, 2002: 144)

Қорытынды

Қазіргі жастар интернетпен өскен және әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланатын ұрпақ ретінде ерекшеленеді, олар діни мақсатта да әлеуметтік желіні қолданады. Сандық ақпарат құралдарының кең таралуы және Интернетті пайдалану мүмкіндігінің артуы бізге кез келген тақырып бойынша онлайн ақпаратқа қол жеткізуге жол ашады. Сандық ақпарат құралдарының ыңғайлылығы бізге кез келген тақырып бойынша онлайн түрде танымын тереңдетуді оңайлатуда. Сондай-ақ ғаламтор әлемі дінді таратудың қарапайым түрде ұғымды жеткізуге де көмектеседі. Сөйтіп діндер виртуалды кеңістікке ауысу арқылы қоғамның құндылық және дүниетанымдық жүйесінде салмағы мен ықпалдылығын бұрынғыдан гөрі басымдала түсуде. Сандық ақпараттық технологиялар қауырт дамыған заманда әлеуметтік желілер оқу, білім алу жолдарын күннен күнге жеңілдетуде. Түрлі қосымшалар діни тәжірибе мен жораларды атқаруға септеседі. Адамдар енді әртүрлі тілдерде Құран тыңдау, үйрену, тәпсір, хадис, пәтуа, сира, ислами дереккөздер және әртүрлі ислам тақырыптардан еркін сусындай алады. Еліміздегі діни ахуал әлемдегі

жалпы діни үдерістермен дәлме-дәл сәйкес келе бермейді, зерттеулер дамыған елдерді жастардың арасында діндарлықтың кемуін айқындаса, біздің елде керісінше арту байқалады. Мақаламызға тікелей қатысы бар кейінгі толқынының ерекшеліктеріне дұрыс баға беру үшін зерттеуге енгізілген басқа ұрпақтардың жас диапазонына, олардың қандай қасиеттерге ие екендігіне назар аудару керек.

Бүгінгі таңда әлеуметтік желі жастардың өмір салтына терең ықпалын тигізетіндей құбылысқа айналууда. Әлеуметтік желідегі жастардың діни сенімдерін қалыптастырып, оларды белгілі бір ислами көзқарастарды, бағыт немесе идеологияларды қабылдауға ынталандыруы мүмкіндігіне ие. Әлеуметтік медианың ықпал етушілері қазіргі жастардың жастардың діни сеніміне де әсер ете алады. Цифрлық дәуірде дәстүрлі діндарлық пен тәжірибе трансформациялануға түсіп, жаңа сипатқа ауысып түрлене түсуде.

Технологиялық даму қоғамдар тарихындағы маңызды бетбұрыс болып табылады. Адамдардың виртуалды медиада айналысатын әлеуметтік-мәдени әрекеттері күнделікті өмірден ерекшеленеді. Технология дамыған, әлеуметтік желілер қанат жайған кезеңдегі кейінгі буын жастардың діни санасындағы өзгерістерді танып-білу үшін алда кешенді зерттеу қажет. Осы тұрғыда жас ұрпақтың діндарлығы мен әлеуметтік желі факторы арасындағы байланысты сараптап, талдау да зәрулік.

Алғыс

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан «Сандық кеңістіктегі ислам (қазіргі Қазақстан мысалында)» (ИРН «AP19680228») атты ғылыми жоба аясында қаржыландырылды.

References

- Bodur, H. E., & Korkmaz, S. (2017). İlahiyat Öğrencilerinde Sosyal Medya Kullanımı ve Dindarlık İlişkisi (The Relationship Between Social Media Usage and Religiosity in Divinity Students). *The University of Kahramanmaraş Sütçü Imam Review of the Faculty of Theology*.
- Bunt, G. R. (2024). Islamic algorithms: Online influence in the Muslim metaverse. *Bloomsbury academic*.
- Ёрштејн, М. Н. (2013). *Религија после атеизма: Новје возмојности теологиј*. AST-Press.
- Fedorova, M. (2020). Religious identity in the modern digital world. *Социодинамика*, 6, 66-79. <https://doi.org/10.25136/2409-7144.2020.6.33085>
- Hocaoğlu, N. (2023). *Dijital Dünyada Değişen Din Anlayışı* [Master thesis]. İstanbul Sabahattin Zaim Üniversitesi.
- Jackson, J. C., Yam, K. C., Tang, P. M., Sibley, C. G., & Waytz, A. (2023). Exposure to automation explains religious declines. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 120(34), e2304748120. <https://doi.org/10.1073/pnas.2304748120>
- Nazarbek, K. (2022). Information and propaganda activities of Religious Communities in the Internet Space. *Eurasian Journal of Religious studies*, 29(1). <https://doi.org/10.26577/EJRS.2022.v29.i1.r3>

- Neville, R. C. (2002). Religion in late modernity. State University of New York Press.
- Preda, A. (2024). Re-Locating Religion in the Digital Age. Journal for the Study of Religions and Ideologies, 23. <https://thenewjsri.ro/index.php/njsri/article/view/513>
- Prensky, M. (2001). Digital Natives, Digital Immigrants. Horizon (NCB University Press).
- Sarıtuğ, B. (2012). Üniversite Gençliğinin Din ve Değerler Eğitimi Açısından Sosyal Medya Deneyimi (Bursa Uludağ Üniversitesi Örneği) (Social Media Experience of University Youth in Terms of Religion and Values Education (Bursa Uludağ University Example) [Doctoral thesis]. Bursa Uludağ University.
- Thaib, E. J. (2019). Da'wa, Social Media and Challenge the Mainstream of Islam among Millennial Generation. *Proceedings of International Conference on Da'wa and Communication*, 1(1), 101-109. <https://doi.org/10.15642/icondac.v1i1.281>
- Керим, Ш., & Нусипбаев, Е. (2024). Использование социальных сетей для исламской проповеди. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 37(1), 3–12. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v37.i1.r1>

References

- Bodur, H. E., & Korkmaz, S. (2017). İlahiyat Öğrencilerinde Sosyal Medya Kullanımı ve Dindarlık İlişkisi (The Relationship Between Social Media Usage and Religiosity in Divinity Students). The University of Kahramanmaraş Sütçü İmam Review of The Faculty of Theology.
- Bunt, G. R. (2024). Islamic algorithms: Online influence in the Muslim metaverse. Bloomsbury academic.
- Ёпштейн, М. Н. (2013). Религия после атеизма: Новые возможности теологии. AST-Press.
- Fedorova, M. (2020). Religious identity in the modern digital world. Социодинамика, 6, 66-79. <https://doi.org/10.25136/2409-7144.2020.6.33085>
- Hocaoğlu, N. (2023). Dijital Dünyada Değişen Din Anlayışı [Master thesis]. İstanbul Sabahattin Zaim Üniversitesi.
- Jackson, J. C., Yam, K. C., Tang, P. M., Sibley, C. G., & Waytz, A. (2023). Exposure to automation explains religious declines. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 120(34), e2304748120. <https://doi.org/10.1073/pnas.2304748120>
- Kerim, Sh. (2024). Aleumettik jelilerdi islami uagyzga qoldanu [Using Social Media for Islamic Preaching]. *Eurasian Journal of Religious studies*, 37(1). <https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v37.i1.r1> (in Kazakh)
- Nazarbek, K. (2022). Information and propaganda activities of Religious Communities in the Internet Space. *Eurasian Journal of Religious studies*, 29(1). <https://doi.org/10.26577/EJRS.2022.v29.i1.r3>
- Neville, R. C. (2002). Religion in late modernity. State University of New York Press.
- Preda, A. (2024). Re-Locating Religion in the Digital Age. Journal for the Study of Religions and Ideologies, 23. <https://thenewjsri.ro/index.php/njsri/article/view/513>
- Prensky, M. (2001). Digital Natives, Digital Immigrants. Horizon (NCB University Press).
- Sarıtuğ, B. (2012). Üniversite Gençliğinin Din ve Değerler Eğitimi Açısından Sosyal Medya Deneyimi (Bursa Uludağ Üniversitesi Örneği) (Social Media Experience of University Youth in Terms of Religion and Values Education (Bursa Uludağ University Example) [Doctoral thesis]. Bursa Uludağ University.
- Thaib, E. J. (2019). Da'wa, Social Media and Challenge the Mainstream of Islam among Millennial Generation. *Proceedings of International Conference on Da'wa and Communication*, 1(1), 101-109. <https://doi.org/10.15642/icondac.v1i1.281>

Авторлар туралы мәлімет:

Керім Шамшидин Тұрсынұлы (корреспондент-автор) – филология ғылымының докторы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Дінтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: kerim-1962@mail.ru).

Бердимурат Дауіржан – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: dauirjan.byerdimurat@gmail.com).

Information about authors:

Kerim Shamshadin Tursynuly (corresponding author) – Doctor of Philosophy, Professor of the Department of Religious Studies of Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kerim-1962@mail.ru).

Byerdimurat Dauirjan – PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dauirjan.byerdimurat@gmail.com).

Сведения об авторах:

Керим Шамшидин Тұрсынұлы (корреспондирующий автор) – доктор филологических наук, профессор кафедры религиоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: kerim-1962@mail.ru);

Бердимурат Дауіржан – PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: dauirjan.byerdimurat@gmail.com).

2 сәуір 2025 жылы тіркелді
20 қыркүйек 2025 жылы қабылданды